

**Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2017 жылғы 2 маусымдағы № 11-5 "Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 38-3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 мамырда № 6287 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2021 жылғы 3 шілдедегі № 6-20 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 03.07.2021 № 6-20 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2017 жылғы 2 маусымдағы № 11-5 (2017 жылғы 30 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4233 тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 3 сәуірден бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

*Мағжан Жұмабаев ауданы  
мәслихаты сессиясының  
төрағасы*

*Мағжан Жұмабаев ауданы  
мәслихатының хатшысы*

*В.Кондратов*

*Т.Абильмажинов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

Қ. Ақсақалов

2020 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан  
Жұмабаев ауданының мәслихаты 2020  
жылғы 30 сәуірі № 38-3 шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан  
Жұмабаев ауданы мәслихатының 2017  
жылғы 2 маусымдағы № 11-5 шешіміне  
қосымша

### Атаулы күндер мен мереке күндеріне алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмектің мөлшері

| р/с № | Алушылар санаттары   | Әлеуметтік көмек мөлшері                |
|-------|--|---|
|       | 15 ақпан – Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні  |   |
| 1     | Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яғни ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер | 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері |
| 2     | Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер   | 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері |
| 3     | Басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілер   | 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері |
| 4     | Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы   | 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері |
| 5     | 1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүріп жатқан басқа да мемлекеттерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілер   | 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері |

|  |   |  |
|--|---|--|
| 6  | Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің Ауғанстанда уақытша, болған және совет әскерлерінің шектелген құрамына енген жұмысшылары мен қызметшілері  | 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері                  |
| 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні                                  |   |  |
| 1  | "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған көпбалалы аналар  | 10 (он) айлық есептік көрсеткіштері                      |
| 2  | Құрамында бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көп балалы отбасылар | 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері                      |
| 26 сәуір – Чернобыль атом электр станциясындағы апатты еске алу күні |   |  |
| 1  | 1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар  | 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері                  |
| 2  | Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары   | 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері                  |
| 3  | Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасы   | 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері                  |
| 4  | Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасы   | 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері                  |
| 5  | 1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, қоныс аудартқан күні анасының құрсағындағы балаларды қоса алғанда оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар   | 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері                  |
| 7 мамыр – Отан қорғаушы күні   |   |  |
| 1  | Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Қорғаныс министрлігіне, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарына әскери міндетін өтеу жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі тапсырмаларды орындау барысында қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасы     | 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері                      |
| 2  | Бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасы  | 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері                      |
| 9 мамыр – Жеңіс күні   |   |  |
|  |   | 2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, 100 (жүз) айлық есептік |

|   |   |   |
|---|---|---|
| 1 | Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері   | көрсеткіштері<br>;<br>2020 жылғы 9 мамырға 1000 000 (бір) миллион теңге   |
| 2 | Қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары  | 2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері<br>;<br>2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жүз) мың теңге |
| 3 | Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелетін қалаларда болған адамдар | 2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері<br>;<br>2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жүз) мың теңге |
| 4 | Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің , штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрбиеленушісі) және теңізші бала ретінде болғандар  | 2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері<br>;<br>2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жүз) мың теңге |
| 5 | Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қатысқан адамдар  | 2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері<br>;<br>2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жүз) мың теңге |
|   |   | 2020 жылғы 9 мамырды  |

|    |  |   |
|----|--|---|
| 6  | <p>Қатынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, Теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз жолы Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың оперативтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері</p> | <p>қоспағанда, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері ;<br/>2020 жылғы 9 мамырға 100 000 ( жүз) мың теңге</p>                      |
| 7  | <p>Қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар</p>  | <p>2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері ;<br/>2020 жылғы 9 мамырға 60 000 (алпыс) мың теңге</p> |
| 8  | <p>Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары</p>  | <p>2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері ;<br/>2020 жылғы 9 мамырға 100 000 ( жүз) мың теңге</p> |
| 9  | <p>Әскери міндетін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар</p>  | <p>2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері ;<br/>2020 жылғы 9 мамырға 100 000 ( жүз) мың теңге</p> |
| 10 | <p>1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украин Кеңестік Социалистік Республикасы, Беларусь Кеңестік Социалистік Республикасы, Литва Кеңестік Социалистік Республикасы, Латыш Кеңестік Социалистік Республикасы, Эстон Кеңестік Социалистік Республикасы аумақтарында қимыл жасаған халықты қорғаушы истребительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың</p>  | <p>2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері ;<br/>2020 жылғы 9</p>                                  |

|  |   |  |
|--|---|--|
|  | жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндетін атқаруға кезінде жаралануы, контузия алуы немесе зақымдануы салдарынан мүгедек болған адамдар  | мамырға 60 000 (алпыс) мың теңге   |
| 11   | Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе қорғанысының объектілерді өзін-өзі қорғау топтары мен авариялық командаларының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасы, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан қызметкерлердің отбасы   | 2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері ;<br>2020 жылғы 9 мамырға 30 000 (отыз) мың теңге |
| 12   | Қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізушілердің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және " Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығу, еңбекте мертігу және басқа да себептер (құқыққа қайшы келетіндерін қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдері ( күйеулері) | 2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері ;<br>2020 жылғы 9 мамырға 30 000 (отыз) мың теңге |
| 13   | Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар  | 2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері ;<br>2020 жылғы 9 мамырға 30 000 (отыз) мың теңге |
| 14   | 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген), соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталмаған және Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілмеген адам  | 2020 жылғы 9 мамырға 30 000 (отыз) мың теңге   |
| 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні |   |  |
| 1  | Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы аумағында саяси қуғын-сүргіннен тікелей зардап шеккен және қазіргі кезде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын адамдар  | 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері  |
|  | Қазақстан Республикасының қазіргі аумағында өздеріне қуғын-сүргіндер қолданылғанға дейін тұрақты өмір сүрген адамдар мына төмендегі жағдайларда т а н ы л а д ы :<br>а) бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағынан тысқары жерлерде қуғын-сүргіндерді кеңес соттары мен басқа да органдардың қолдануы;<br>б) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде (жай адамдар мен әскери қызметшілерді) тұрақты армия әскери трибуналдарының айыптауы;   |  |

|   |   |   |
|---|---|---|
| 2   | <p>в) Қазақстаннан тысқары жерлерде әскери қызмет атқару үшін шақырылғаннан кейін қуғын-сүргіндердің қолдануы;</p> <p>г) қуғын-сүргіндерді орталық одақтық органдар: Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Соты мен оның сот алқаларының, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Айрықша бас саяси Басқарма алқасының, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер халық комиссариаты - Мемлекет Қауіпсіздігі министрлігі - Ішкі істер министрлігі жанындағы айрықша кеңестің, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Прокуратурасы мен Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер халық комиссариатының Тергеу Істері жөніндегі комиссиясының және басқа органдар шешімдері бойынша қолдануы;</p> <p>д) Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, қуғын-сүргіндердің қолданылуы жағдайларында танылады.</p> | 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері |
| 3   | Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мемлекеттік өкіметтің жоғары органдарының құжаттары негізінде Қазақстанға және Қазақстаннан күштеу арқылы құқыққа қарсы қоныс аударуға ұшыраған адамдар да танылады  | 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері |
| 4   | Ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары, сондай-ақ қуғын-сүргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының немесе олардың біреуінің қамқорлығынсыз қалған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары   | 7 (жеті) айлық есептік көрсеткіштері    |
| 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні |   |   |
| 1   | Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар, облыстық маңызы бар дербес зейнеткер мәртебесі бар зейнеткерлер, облыстың, (қаланың, ауданның) құрметті азаматтары  | 10 (он) айлық есептік көрсеткіштері     |